

Эльмира САЙЛАУ

FORMULA

(өлеңдер жинағы)



**Эльмира САЙЛАУ, Formula
(Формула). Өлеңдер жинағы.
Қарағанды, «Тенгри» баспасы,
2020 жыл – 120 бет.**

«Әркімнің таласы бар» өлең әлеміне өзіндік сырлы қолтаңбасымен жүрексіне қадам басқан Эльмира Сайлаудың тұңғыш жинағында қыз баланың жіңішке жолына сай сезім шиырлары мен жас ананың сырлары жазылған. Отбасы құндылықтары мен жарға, өнерге адалдық пен сенімнің ұшқыны іспетті мөлдір өлеңдерден шынайылық лебі еседі.

Көпшілік оқырманға арналған.

ҚҰРБЫ ЛЕБІЗІ

...Аспан ашық. Ақ мамық бұлттар жүзіп жүр. Кейде өткінші жаңбыр себелеп өтіп, кемпірқосақ түзеді. Кемпірқосақ үстінде – Аяулым. Ол бұлттардың мамығын кешіп, самалымен тербеліп, Күн сәулесіне жаңбыр тамшыларын моншақ қып тізіп, гүлдесте тоқып отыр. Армандары да өзіндей аяулы. Гүлдесте жырлар кітапқа айналды. Оны тек дәл осындай сезім кешіп оқи аласыз.

Алматы. «Авокадо». Қолымда сенің кітабың...

Мақпал МЫСА,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Сезім деген сүю, күйө
емес-дағы сүйісу,
Сезім деген – ой мен
сана биігінде түйісу...





К О Ж И Л
К О П А Л А П Ы





* * *

Ауасы жұпар ауылым,
Кештері тылсым, тамаша.
Халқының бәрі – бауырым,
Қуанып жүрмін балаша!

Сезімдер жалын жанған күн,
Қуандым іштей ақырын.
Алдымнан шыққан жандардың,
Барлығы туыс, жақыным.

Көшесі тұнған естелік,
Балалық шақтың мекені.
Келмеске кеткен көшке еріп,
Балдырған күнім – ертегі.

Салса да қала тұсауын,
Болса да неке жүзігім,
Халқына жаяр құшағын,
Ауылдың ерке қызымын.





ӨГЕЙШЕШЕ

Өлеңге өмір деп қарамай,
Өткізіп алыппын уақытты.
Түртілген шимайға бойламай,
Іздемей жүріппін жақұтты.

«Ана» боп қарайлап өмірге,
Қолдағы қаламды тастадым.
Қиялмен өрілер өлеңге
Қиянат жасауды бастадым.

Бойдағы күшімді, жігерді,
Өлеңнен өзгеге жұмсадым.
Бауырға баспайтын біреуді,
Мен «өгейшешеге» ұқсадым.



БІРЕУЛЕР

Біреулердің тиіп әсте кесірі,
Біреулердің тарс жабылып есігі...
Біреулердің жүрегiнiң төрінде,
Біреулердің мәңгі қалар есімі...

Біреулерге біреу болып қалармыз,
Біреулерге асқақ болып арманбыз.
Біреулерге қарапайым адамбыз,
Ал біреуге, жақсы болып жаманбыз!

Біреулерді біреу іздеп тізгенде,
«Біреуіміз!» - деп кешігеміз біз деуге...
Біреулерден талай көңіл қалса да,
Біреулерді жалықпаймыз іздеуге.

Біреулердің достығына сенерміз,
Біреулердің уәдесіне көнерміз!
Біреулердің мәңгі іздер қаламы,
Біреулерге жазылмаған өлеңбіз!..



* * *

Бір қолмен тербеймін бесікті,
Бір қолмен тербеймін қаламды.
Сезімді әлдилеп таңсәрі,
Жүрекпен сеземін ғаламды.

Сағымға батады сана мың,
Жазуды аңсайды қаламым.
Бұл жолды мен өзім таңдадым,
Бұл – менің қалауым.
Анамын...

Өлең-жыр оқитын әлдиге,
Тәтті ұйқы тілейтін сәбиге.
Ананың ең басты міндеті –
Ұл-қызға беретін тәрбие!..

Өлеңді күндердің бір күні,
Жүрекпен аялап аламын.
Мың түннің қалдырып бір түнін,
Жыр жазар қаламым...



КӨҢІЛ НОТАЛАРЫ

I

Қиналдым,
Түсінбей мендегі сезімді.
Мұңайдым,
Сағынып балдәурен кезімді.
Құйындап көңілім құр төсек
тарттым да,
Көп жаттым әйтеуір жия алмай
есімді.

Жыладым,
Құр сүлдер босаңсып себепсіз.
Құладым,
Іштей бір көмекке зәру боп,
Қалғандай күй кештім ешкімге
керексіз,
Ішімді қарыды белгісіз жалын-от.

Буыным босаңсып, морт сынды
барлығы,
Ұғатын жан таппай қиналдым
жанымды.

Өзімді өзім де танымай бір сәтте,
Ішімде жанартау түн құша жарылды.



II

Мақсат пен армандар табылып
қасығын,
«Вулканнан» айналдым лавасы
тасыған.

Жұмбағы шешілді мендегі
бар күйдің,
Айтпайын ендігі, мен несің жасырған.

Тапдырм...
Бік қыл – құмыран құлаппа!
Уақыты өткердім күліп те,
жылап та.
«Моделист мойнағ» маңдайға татыған,
Жалалы қараудың қайғысы
қалды артта.

Дара жол салатын келешек ұрпаққа,
Дәл бүгін ұғындым өмірлік жолымды.
Жауап та табылмай көпейде
сүрекке,
Алысқа сосамын арманмен қолымды.



Эльмира САЙЛАУ 

Ошдым. Ойландым. Тым төрөң.

Қасиет!

О, Тоба, күдірет!

Мен сенер Өр Рухты сезнем,

Халқымаң алдында бетте-беті..

Ел-Ана, бойыма дарыдың,

Бес өлі бар өлкен бағым маң.

Жер-Ана, мен сенен табындым,

Өсиңе аманат тапдырдым!



ӨЛЕҢ – МЕНІҢ СӘБИИМ

Жүрегіммен тербететін әлдиін,
Өлең – менің іштен шыққан сәбиім!
Қаламменен әрлемесем қағазды,
Не болады жай-күйім?..

Сақтайықшы Отбасының бірлігін,
Ұнамайды, білем, қиял-тірлігім!
Күн тұтылып, түн түнеріп кетсе де,
Туып жатыр жыр бүгін.

Орындалып сенің асқақ тілегің!
Адасқандай...
Әп-сәтте бір күйге ендім!
Бір күндері өкінерсің бірақ та,
Тірі жүріп тербелмесе жүрегім...

Жүрегімнің тербететін әлдиін,
Өлең – менің іштен шыққан сәбиім!
Қаламменен әрлемесем қағазды,
Не болады жай-күйім?..





* * *

Өлең жазу үшін ғазал-түнге енгем,
Шабыт келсе үнсіз ғана көтерем.
Қазан емес, қағаз ұстап жүргенде,
Бәлкім, мен де бір белеске
жетер ем?

Шүкір етіп жүрсем-дағы Аллаға,
Жанымды ұқпай қойды, сірә,
бұл көктем.

Тәңіріме раһым етем жай ғана,
Жүрекке иман, көңіліме
жыр төккен...

Тек, әттең...





* * *

Таң...
Көңілге шуақ шашатын,
Өмірге деген,
Құштарлық лебін ашатын –
Далаға қарап,
Еркелеп тұрмын жайдары,
Жаңа адыммен,
Жаныммен мұңнан босадым...

Өтінем, жалған,
Жүрегім, мұңға шомылма...
Аяла мені
Өнердің ұлы жолында.
Жаратқан ием,
Сенемін жалғыз өзіңе
Тағдырым менің
Тек қана сенің қолыңда!



Эльмира САЙЛАУ



* * *

Қала түні Айдың ұрлар жарығын,
Адамдар-ай!

Өшіріңдер шамдарды,
Ұйықтаңдар барлығың!

Түн менікі!

Ай – сырласым тұңғиық,
Көкейімде көңілсіздік жаңғырды...

Басатұғын сергелдеңді сағымды...

Ай мен тылсым Таң нұры...

Ал, қалғаны...

Бос далбаса – барлығы!



СҮЙІНШІ

Армысын, арда Қазағым!
Сүйінші хабар жазамын:
Ізінді басар Ұл тудым,
Өмірдің сездім ғажабын!

Қызғалдақтардың соңынан,
Мирасым келді өмірге.
Бағым мың, шүкір сорымнан,
Разымын, Раббым, өзіңе.

Жүрек те – өлең-өрнекте,
Айналам құдды гүл мекен.
Мағжаным сыймай жер-көкке,
Шаттыққа тойып жүр ме екен?!

Есейген шақта ер туды,
Туымды көкте көп тербер.
Жаз емес әлем мың гүлді,
Көңілді көркем көктем дер!

Сағымға жылдар айналар,
Бақытты шағым дәл осы.
Әп-әсем болып айналам,
Ұрпағым, аман-сау болшы.





* * *

Кейде...

Күліп тұрып, жылап тұрамыз,
Жылап тұрып, күліп тұрамыз...

Кейде...

«Кел» десек деп, «кет» дейміз,
Кетем деп тұрып кетпейміз!

Кейде...

Сыртымыз жылтырап тұрады,
Ішіміз азынап, шын жұтап тұрады.

Кейде...

Шындықты айтып шырылдаймыз,
Құр сөзбен дым да тындырмаймыз.

Кейде...

Әдемі әлемді көрмейміз,
Ғайбаттап, көргенге сенбейміз.

Кейде...

Жақыннан жатты жақын көреміз,
Сырды ақтарып ақкөңілденеміз...

Кейде...

Барды бағаламаймыз...
Шүкірлік етіп, тәуба қылмаймыз!



Кейде...

Күз келсе, көктемді сағынамыз,
Мезгілден тез-ақ жалығамыз.

Кейде...

Күн болып, мұң құшамыз,
Түнді іздеп, жыр құшамыз.

Кейде...

Іздейміз,
Күтеміз,
Сағынамыз...
Ал кейде бәрінен лезде жалығамыз...

Кейде...



ӨЛЕҢІМ

Өзің жайлы, өмір жайлы ойламай,
Көңілге де, сезімге де бойламай...
Мен қашанғы жүре алармын, Өлеңім!

Мен өзіңнен қанша алшақ
жүрсем де,
Жазбай жүрмін...
ауырлығын білсем де
Жүрегімнің төріндесің, Өлеңім!

Басқа тылсым ғаламатқа шарықтар,
Қиялдарым қияндарға қалықтар...
Сен ғажапсың, Өлеңім!

Сезімдерді иірімдеп әкетер,
Біреу зар-мұң!
Ал, біреулер бақыт дер!
Көңілімнің азығы сен, Өлеңім!

Он сегіз мың ғалам қарсы тұрса да,
Менің жырым көнбес ешбір тұсауға!
Құдіретіңе бас иемін,
Өлеңім!





* * *

Отбасына бақ-ырысты жия алған,
«Балапаным» деп шығатын жиі алдан.
Көңіліме кірбің түссе мұңайып,
Еркелетіп, маңдайымнан сүйер жан.

Жалғыз адам!
Бар жалғанда ғажайып!
Том-том дастан АНА жайлы
жазайық!

Аяулы Ана,
Асқар Әке бағынан,
Естеліктер қалмасыншы азайып!

Ақ сүт берген аман болғай анамыз,
Кей сәттерде өкпелетіп аламыз...
Қанша жерден «біз есейдік» десек те,
Ата-анаға кіп-кішкентай баламыз.

Төрт құбыла – төрт қызына
бақ тілер,
Қонағым деп, төркіндетсе шат күлер.
Ұрпағымның ертеңі осы ұлым деп,
Немереге қыста көктем ап келер!

Менің анам жаны жайсаң асыл жан,
Ақ көңілі жаралған саф асылдан.
Мұң шалмасын ешқашан да көңілін,
Ғасырыма тек осыны тапсырам!





* * *

Мен тым суықпын,
Жақыннан жатты жақын дер.
Бесеуден өзге туыппын
(Мені де кей жан «ақын» дер).

Ақымақ болған менің де,
Ақыл айтатын кезім бар.
Жүрегімде көлімде,
Толастап жатқан сезім бар.

Айтылған сөзді естімей,
Жүрген күй есті, ес білмей.
Халқымның қамы деп қоям,
Туысқан жайын еш білмей.

Шырғалаңы өтті өмірдің,
Балдәурен күнді сағындым.
Жанарға толды мөлдір жас,
Іздеген кезде бауыр мың.

Әлемді жырға тәрк еттім,
Өзімнен өзім адасып...
Тұншығып кетті жүрегім,
Жаңбырмен жасым таласып.



Мұңдарға толған өзегім,
Келіп жүр қатты өзгергім.
Болмысым бөлек тым неге?
Әлемді әсте сеземін...
Жаныма батып кеткендей,
Тар жолды жалғыз кезгенім.

Тас бауыр емес негізім,
Жаны едім іңкәр сезімнің.
Көңілде құрғыр қалғаны-ай,
Қосарлап жанға егіз мұң.





«РЕПРЕССИЯ»

Жала қағаз...

Жазылды да тасталды.

Қара күздің суығы да бас салды.

Содан көрдім пенделердің сұмдығын,

Пәк көңілім айналаға пәс қалды.

Жан-дүнием қайғы жұтып назданды,

Күйініштен күйзелуге аз қалды.

Шындығымды шырпыдайын

ЖОҚ ҚЫЛҒАН

«Мәдениетте» қағаз-майдан қозғалды.

Асып айтып, артық айып тақпадым,

Бар болғаны – әділдікті жақтадым.

Өзгелердің сөзін тыңдап өрбіткен,

Дедім «Алла, мені олардан сақтағын!»

Күйін кештім ақжаулықты ананың,

Ел қараған, елулерден әрі асқан.

Ісін көріп «алпыстағы баланың»,

Ашу-ақыл жүрегімде таласқан.

Билік, мансап ойлағаны бәрінің,

Сөндіреді жас толқынның жалынын.

Қанат қағар талаптыны ұшырмай,

Өлтіреді, өшіреді жарығын.



Өткеніме қарайлаймын таңдана,
Мені ұғар, түсінетін жан жоқ, ә?!
Қол жеткізу үшін асыл арманға,
Арыз жазсам аспан жақта
бар ма аға?

Жүрегімді жұмсаса да бұрысқа,
Ұйқым, күлкім, тіпті, ауа, тыныс та,
Өмірімді, өлеңімді арнадым,
Тым беріліп жұмысқа!

Қарамай да кеттім, үйге, жанға да,
Назар салмай балаға да, жарға да.
«Репрессия жылын» басқа туғызған
Арыз жазам қалам алып Аллаға...



* * *

Сен туған күні жыладым, қызым,
Көңілдің гүлі төр басып...
Сен туған күні қуандым, қызым,
Өткелден өтіп, белді асып!

Тар құрсағымда шынықтың сында,
Қиналған сәтте қорғадың!..
Мұңымның бәрін ұмыттырдың да,
Көжегім менің, қорғаным!

Сотты да көрдік, алауды кешіп,
Өмірдің қилы жолдары.
"Әділдік" деген анаңды кешір,
Көңілім гүлдей солмады!..

Бойымда жатқан кезіңнен тұнық,
Сырымды айттым мен, балам.
Жүрегімдегі шерімді ұғып,
Дем бердің жалғыз сен маған.

Тоспайтын жан жоқ
аз сынақты алдан,
«Ғажапты» көрдім, азапты.
Жақын деп жүрген доссымақтардан,
Естідім небір мазақты!

Ел үшін, Жер үшін назданып, толғап,
Қоғам деп жанпида шарқ ұрдым.



Не үшін, кім үшін қиналды, сонда,
Тәлкегін көп көріп тағдырдың?

Айыбым бар менің сенің алдыңда,
Аналық ақ сүтім – азығың!..
Назымды артамын өмір-тағдырға,
Шындықты айтқаным – жазығым!..

Сен іште...
Мен сыртта толғаумен күзді,
Сандалып сан жүрдім баз кешіп.
Есейтіп жіберді сол дәурен бізді,
Төрт мезгіл мезетсіз тез көшіп.

Сен келіп өмірге,
Қытымыр көп үтір жойылды.
Көктем боп көңілде,
Ап-анық бір нүкте қойылды!

Мен ұттым!..
Ұтылған күн артта!..
Жеңіс деп
Хат келді "Мәдени майданнан!"
Сен мені сақтадың, періштем,
Аллаға шүкірлік айта алам!

Үкілі үміт, аңсар бір әнім,
Ар менен намыс жүректе...
Аяулым, Мөлдірім, Кәусар бұлағым,
Болғайсың лайым биікте!



Эльмира САЙЛАУ 

АРҒЫМАҒЫМ – АРҒЫНЫМ...

Анаңа кеттің...
Арманда едің әлдиге...
Жалтаңдаушы едің,
Анасы күлген әр үйге...
Сағыныш сені әкеткендейін алысқа,
Өкпенді көріп, сұмдығы сұсты
фәниге...

Жалғаннан ерте фәниге кеткен
достым-ау,
Келер деп бір күн,
Өзіңді күнде тостым-ау...
Сенімен бірге өткізген жастық
жалынның,
Кербез күндердің барлығы есте
осынау...

Ерекше едің...
Тұлғалық бейнең тым ерек,
Жүруші едің...
«Эмишогым» - деп еркелеп...
Қорғаным болып,
Қызғыштай мені қорушы ең,
Алып кетті ғой...
Сұм ажал, апат, желкелеп...



Қосағың қалды,
Қос құлыныңды құшаққа ап.
Әкешің қалды,
Пәруана жанын пышақтап!
Әпкетайың да
Баз кешіп кетті өмірден...
Бәріміз қалдық қара тасыңды
құшақтап!

Анаңа кеттің...
Арманда едің әлдиге...
Жалтаңдаушы едің,
Анасы жүрген әр үйге...
Сағыныш сені әкеткендейін алысқа,
Өкпеңді көріп сұмдығы сұсты
фәниге...

Аманат бізге...
Достарға қалды барлығы...
Сағыныш менің
Өртеп барады жанымды...
Ұрпағың болар ұлдарың бізге –
аманат,
Қолдау парызым қосақсыз қалған
жарыңды!
(Солай басармын іштегі шерді,
сағымды)...



* * *

...Аппақ қардай көңілімді кірлетіп,
Жанға тиді үнсіз қалып кеткенің.
Асылдайын, гауһардайын түрлентіп,
Кінәм жалғыз –
сені «ЖҰЛДЫЗ» еткенім!..

Тәй-тәйлаған балғын кезің есімде,
Албырт едің, аңқылдаған ақкөңіл...
Жиі сені көріп жүрмін түсімде,
Не болды бұл тәтті өмір?!.

Баршасынан биік көріп өзінді,
Талай мәрте ойланбастан кешіп ем...
Құны болмай тыңдамадың сөзімді,
Жүрегімнің Назын қалай өшірем?!.

Жаныңдағы жат жандарды
«сақшы» қып,
Сөз бен ісің жаман айтпай,
жақсы қып...
Түсінбедім, қандай түпкі мақсатың?
Бетпердесіз жақындарың
қашты ығып!

Адал ниет пейілімді көрмепсің,
Мендік арман-мақсаттарға бойламай.



Қалай ғана енді алдыма келмексің,
Өз ісіңнің оң мен солын ойламай?

...Сан ойлардың арасында адастым,
Жұлдыздармен жұлдыз болып
жарасқын!
Мен қалайын арайлы Айдың
қасында,
Үнсіздігің үнсіздікпен жанассын...

Айналаңда болса да көп жолдасың,
Төкпес ешкім мендей саған сәулені...
«Өзім» деумен өз-өзіңнен адастың,
Сол баяғы қоймақпысың әуенді?
Есіңді жи,
Өзіңе кел әуелі!

Тәй-тәйлаған балғын кезің есімде,
Албырт едің, аңқылдаған ақкөңіл...
Жиі сені көріп жүрмін түсімде,
Не болып бұл кетті өмір?!.



Эльмира САЙЛАУ

* * *

Көріп тұрып, көрмегенге таңғалма,
Пенделік қой күйе жағар пәк жанға!
Адамдықтан ада кетті қанша дос?!.
Сыйластықты қадірлейік жалғанда!..

Бір достар бар сыйласатын есеппен,
(Кем көрмеймін ондайларды есектен!)
Айналаңа шуақ шашар достар бар,
Артық сөзден сақтар лағнет өсектен.

Құр сөздермен арбап алар адамды,
Жандар болған сан улаған санамды.
Бір құлаған құзға тағы құладым,
Тағы ауыртты жүректегі жарамды!

Көңілімнің парақталып дәуірі,
Қанша мәрте дәл осы деп тәуірі,
Бауырсызға бауыр басып қалдым да,
Сұрқай күзде сыйлап едім сәуірді.

Туғандардан артық болмас ешкім де,
Бір жоғалса, табылмайды дос күнде.
Өзектерің өртке оранып жатса да,
Сырларыңды ақтармаңдар ешкімге!





* * *

Жүрегіме жақын көріп барлығын,
Таразысын өлшемеймін тағдырдың.
Бауырымдай көріп кетем амал не,
Сынса-дағы сағым мың!

Тырнағыма татымайтын сезімнің,
Барлығынан жирендім де, безіндім.
Өзім жалғыз оңашада ой толғап,
Мен бақытты сезіндім.

Өтсем-дағы сан асудан, көп белең,
Сабақ алып үйренбедім дөп, терең.
Қадірімді ұқпағандар қаншама,
Жүрек Назын мен қалайша
өткерем?!



* * *

Солқылдап жыладым себепсіз,
Жанымда тағы да жалғыздық...
Өзімді сезіндім керексіз,
Сөкпегін... Жан-жырды ұқ...

Әп-сәтте құйындап көңілім,
Жүзімнен күлкімді жасырды.
Ойыны бітпейтін өмірім,
Көтере алмадым басымды...

Десем де: Айтарлық жоқ себеп,
Ойлардан барамын тұншығып.
Отырмын өзіме өкпелеп,
Қараңғы бөлмеде мұң суып...

Жай ғана өтінем, үндеме,
Бар болсаң болғаны қасымда.
Қолыңды бермегін, жүр деме!
Шаршадым расында...



МӘҢГҮРТТЕНІП БАРАМЫЗ...

Шел басқандай көзіміздің жанарын,
Соқыр болып қаламыз.
Бар адамзат ар-ұятты ада ғып,
Мәңгүрттеніп барамыз.

Жанайқайды естімейтін, көрмейтін,
Керең болдық таза біз.
Ұрпағымыз ұлықсыздан ілім ап,
Ұмытылып бара жатыр бабамыз.

Осы күні қандастардың арасы,
Қырғиланып қаламыз.
Адамдарда жұмыр жүрек, әлди жоқ,
Кім болады ертеңгі күн баламыз?!

Адал жүрек, ақпейілді ниет жоқ,
Адамдықтан төмендеді санамыз.
Ұлттық рухты,
Көне күнді ұмыт қып,
«Жынды» болып барамыз.

Осы күні екі пенде тасбауыр.
Жанашырсыз, мейірімсіз қаламыз.
Неге сонша,
Айтыңдаршы, адамзат,
Мәңгүрттеніп барамыз?!





* * *

Желтоқсан...

Жоқ қылдың барлығын.

Сөнгендей жарқ етіп жан-жырым...

Не болып кетті шын бұл күні,

Мөп-мөлдір, әдемі тағдырым?!

Іште мұң...

Күйзеліс басталды...

Жанардан мөлдіреп жас тамды.

Желтоқсан жанымды жаралап,

Бұлт жапты көңілді, аспанды...

Армандар...

Биік-ті, асқар-ды.

Қарашы...

Ап-ашық аспанды.

Жаңбыр да жаумайды, өттең-ай,

Жасырар жанардан жастарды.

Желтоқсан...

Жылдарды жасырдың...

Қойнауы том тарих-ғасырдың!

Күлімдеп әлемге әдемі,

Жүзіммен барлығын жасырдым...

Мұңайып жүрсем де күлемін,

Барлығын білесің...

Білемін...



Адасып кеткендей кейіпте,
Неліктен мұң құшып жүремін?

Тірімін...

Соғып тұр жүрегім.

Отбасым...

Жан-жарым тірегім!

Жаурап бір тұрса да дүнием,

Солардың тілеуін тіледім!

Далбаса, құр сүлдер жүргенім...

Неліктен мен мұндай күйдемін?!.

Өнер деп, өлең деп жүргенде,

Өмірдің өткіздім ширегін.

Мәдениет – қаным мен сүйекте,

Ауыр жүк сезілді білекке...

Ем таппай неліктен қиналдым,

Бір уыс нәп-нәзік жүрекке?..

Желтоқсан...

Жоқ қылдың барлығын.

Сөнгендей жарқ етіп жалыным.

Не болып кетті шын бұл күні,

Мөп-мөлдір, әдемі тағдырым?!.





* * *

«Мен анамын...
Басты міндет мендік – сол!»
Дедім-дағы... «камераға қамалдым!»
Шым-шытырық,
Аңыз дерлік ендігі жол!..
Қос қанатсыз ұштым болмай
амал дым!..

Сол есікті қайта айналып ашам да,
Жер таппаймын шаһарымнан
қашарға.
Жаным, қымбат тыныштығым
десем де,
Күліп кірем, халқым үшін қашан да!



АППАЗЫМ

Ұрпағына көрсетіп ұлылықты,
Топырағы сездіріп жылылықты.
Ауылымның түтіні түзу шыққан,
Аппазым да айбынды тұғыр мықты.

Сақталған күні бүгін ата салты,
Мейірімді, бауырмал ауыл халқы.
Сағынғанда басатын құмарыңды,
Жүректерде жазылған Аппаз аты.

Қаймағы бұзылмаған дәстүрінің,
Сақталған дала заңы – жақсылығын.
Аппаздай ауылымнан айналайын,
Құшағын дархандықпен ашты бүгін.

Тарихтың сан парағы ақтарылып,
Жер ана тамырыңды жатқа біліп –
Алашымның айналдым арманынан,
Адамзаттың жаратқан Аппазы ғып...



Эльмира САЙЛАУ 

* * *

Тән де, жан да әлсіреп, жаным,
барады,
Күн менен түнді, сезбей қалдым ғой
Ауаны...
Жаратқан ием, қуат бергейсің
бойына,
Сынай бер мені, сынай көрмеші
баланы.

Бүгінгі боран – мендік көңілдің
бейнесі,
Сұп-суық неге баламның жылы
жейдесі?!
Жүрегім бір сәт тоқтап-ақ қалған
сияқты,
Ағытылғанда түймесі...

Тіршілік ғұмыр жоғалтып барлық
маңызын,
Қадірін ұқтым жоқпенен барын,
парызын.
Жүрекке, Аллам, өтінем, титтей
сәуле бер,
Періштем менің! Ауырмасыншы
жалғызым!





ДУҒА

Саулығын тілеп, бағалаймын деп
барымды,
Шүкірлік етіп атырдым арай
таңымды.

Сәбилерімнің ұйқысы тыныш
болсыншы,
Түздегі жүрген жебеп тұрғайсың
жарымды.

Жаратқан ием, жар болшы бізге
әрқашан,
Құлшылық етем, жүректе – иман,
алқасаң...
Жанымның сырын өзіңе ғана
ақтарып,
Үмітті артам тек саған!

Сыйлаған бізге өмірді, ғажап
ғаламды,
Сақтай гөр, Аллам, аяулы
ата-анамды.
Дос-жаран, туыс барлығы есен
жүрсінші,
Бақытқа бөле жер басқан барша
адамды.





* * *

Бүк түсіп жатып жанына маза
тапқан кім?
Бір үміт күттім таңынан арай
ақпанның.
Түпкі бөлмеде тығылып жаттым
күнұзақ,
Жаныма медеу болар деп сендім
батқан түн.

Өзімнен өзге көрмеді көңіл жасымды,
Жастықтан мүлде көтермей жаттым
басымды.
Бір тамшы су да таңдайға татып
алмадым,
Әлдебір ойлар санамды саққа
қашырды.

Белгісіз мұңның тап болып жанға
кеткені,
Жоғалтып тастап жүрегімдегі
көктемді.
Қиялымдағы қиянға ұшқан қанатым,
Болып қалғандай жай ғана аңыз,
ертегі.





Дәруменімдей шумақталуда өлеңім,
Періштелерім беріп жатқандай
демеуін.

Тыныс тарылып, күйзелген күйді
ұғар кім?!

Өзім де білмей қиналудамын
себебін!..

Білмеуім мүмкін емес қой әттең,
бірақ та,
Аламын үнсіз, көрпені құшып
жылап та?!

Қуанышымды әлемге жарғып
жүрсем де,
Ең қиын әрі, ең ауыр кезең –
бұл апта!..

Хақым жоқ бірақ, десем де құзға
құлауға,
Солқылдап мендік аппақ көңілім
жылауда!

Алаңдағандай алдамшы жүзбен
жай ғана,
Хәлімді жұрттар сұрауда!..



* * *

Көңілім қалып өзіме,
Күйзеліс күйге тап болдым.
Өзгеге емес, көзіме,
Өлеңсіз мүлдем жат болдым.

Тұрмыс та билеп санамды,
Шабыттан қалдым қол үзіп.
Іздеймін бір сәт қаламды,
Алсам деп жырдан қолүзік.

Үздігіп тұрып үзілмей,
Қанша жыр қалды жазылмай?!
Зуылдап өтіп барады,
Отызымның жазын-ай.

Ойыма біткен жарамен,
Көңілсіз атты тіршілік.
Ұқсам да бәрін санамен,
Қаламын үнсіз күрсініп.

Айналам тыныш, алаңсыз,
Алайда жаным – мазан, сыз.
Тыныстай алмай қаламын,
Өнер мен өлең, қаламсыз.



* * *

Тағдырымның тартысынан құламай,
Бос биліктен ешбір көмек сұрамай!
Биігімде қалғым келді...

Қалдым да!

Әуре-сарсаң бітсе екен, құдай-ай!

Тілегім тек наз келмесін көңілге,

Жанар жүрсін жыламай!..

Жығылсам да, жұмыр болды

жұдырық,

Өтті... Кетті, пенде ғұмыр қу тірлік!

Оралмайды бәз-баяғы қалпына,

Бітсе екен мәнсіз майдан

бұ сұмдық!

Пендеміз ғой, періште біз емеспіз,

Ұқса деймін соны арлы адамзат...

Ел мен жерге, тілге дұшпан демессіз,

Жүрегімде дүрсілдейді адалзат!

Мансап үшін билік қуған емеспін,

Иманым бар, шүкір, тәуба

бұл ғажап!

Ер тірлігі ұсақталса, ез – Естің,

Бар халықтың тоқырауы – шын азап!



МЕН МҮЛДЕ ӨЗГЕРДІМ...

Мен енді мүлде өзгемін.
Қабағын бағып ел-көптің,
Өртенбес жаным, өзегім.
Өзімді мүлде өзгерттім...

Жалғаннан іздеп тыныштық,
Жүруші ем мүлде үндемей.
Мін артса жүрмей ұрыс қып,
Қалушы ем тілсіз, тілдемей.

Жаныма жара салды мың,
Жылап бір үнсіз қалушы ем.
Себепсіз ашу дауылдың,
Жарық Күн нұрын бағушы ем.

Үнсіздік, кереңдік... қылығым,
Өлтірді мендегі жүректі.
Қаламым, түндерім, ұрлығым,
Көңілді көк майса күйретті...

Жетекке алды да намысым,
Көтердім тік ұстап басымды.
Жылусыз ақылдан жалықтым,
Көрмессің көздегі жасымды.





Мен енді ешкімге бой бермен,
Қорғаймын, өзімді қорлатпай.
Жүрегім ендігі жат менен,
Сомдалған хас құрыш болаттай!

Мен енді мұң құшып жыламай,
Бой тіктеп, еңселі жүремін.
Өнердің жолында құламай,
Тік жүріп әдемі өлермін!

Мен енді мүлде өзгемін,
Себебі,
...Мен мүлде өзгердім...





* * *

Өлең жазып қиялдауға рұқсатты,
Сұрамап ем ешкімнен!
Ақ жүректі өз қолыңа ұстаттым,
Сусап жүріп дос-жырмен.

Отбасы мен Өнер неге – екі әлем?
Тартыс сол бір от-бәйгі.
Жүрегімді түсінсеңші, жүрегім,
...Басқа менде жоқ қайғы!

Көп ішінен бір жалғыздық қапа ғып,
Қамалған күй қап-қараңғы бөлмеге.
Қиялыма қанат бітсе несі айып?!
Өлеңге мен шөлдегем...

Алғашқы рет өмірімде өзіңнен,
Рұқсатымды сабыр ойлап сұрадым.
Сұрамауым керек пе еді,
Көзіммен...
тамшы-жырмен жыладым!

Жаңа жолды тек шындықпен
өлшеп шын,
Сапарлауды қалап ем.
Айдан таңба тапқандайын көрсеттің,
Мен онсыз да жаралы ем.





* * *

Қиялымнан жыр жазам да назданам,
Пешенеме еркін қалам жазбаған.
Өлең үшін «таяқ жеуім» тамаша,
Тас қараңғы күнім – жырсыз
маздаған.

О, Музалар, әлемде жоқ, жырдағы,
Мұңдар мені айналшықтап жүр-дағы.
Қиялымда қырды асып кетемін,
Қажет пе осы мені елімнің
тыңдауы?!

Ашындырдың! Алқымымнан
алдың да!
Бағалауды білмей жүрсің барымда!
Өзің айтар – түк келмесе қолымнан,
Неғып жүрсің жанымда?!.

Әр нәрсенің бағалаймын биігін...
Осы қазір жанарым жас, күйім мұң!
Жазба! - деген сайын жазғым
келеді...
Кірпідейін жиырылдым!..



* * *

Сынып кеттім сәтте тірлік сынайтын,
Шықпай қалды көзімнен жас
жылайтын.

Көңілімде аласапыран күй ойнап,
Келді ме кез құлайтын?

Мендік мұңды ұқпас ешкім, еш адам,
Жан сырымды ақтардым ғой
тек саған.

Дос та өзің, құрбы-сіңлі жалғыз сен,
Көлеңкемнің өзі келмес тең саған.

Ақтарыла айттым ішкі дертімді,..
Бұзған да мен берген уәде, сертімді.
Тастасам да құлазытып көңілді,
Бере алмаймын еркінді!

Жек көр мейлі!
Үнсіз қалма – өтінгем...
Сен Мен жайлы,
Мен сен жайлы көп білген!





Мықты да мен, ең әлсіз де
мен шығар,
Көзден емес, көңілден жас
төктім мен!

Күйім осы тыныш күнде бүлінген,
Сәби үні жылап шықты түн үйден.
Ана сүті құнарсыз боп кетті ме,
Назым басым, күйінгем...





* * *

Сұстымын,
Кейпім – қос ұдай.
Күлмеймін.
Жүремін осылай.
Боп-боспын,
Қалбырдай...
Тым ауыр осы ай.

Неліктен?!.
Күйдемін зеріккен.
Әлде мен өлеңге,
Жерік пе ем?!.
Еркелеп жүретін іштегі,
Жалықтым еліктен!

Қайдасың?!.
Жарық күн.
Көк аспан, сен маған
Серік пе ең?!.
Қиялға қанат қақтырып,
Сен мені еліткен.



Сұстымын.
Орамал шешілді.
Достықтың күрмеуі кесілді.
Ұмыттым есімді.
Алмаймын есіңді.

Сұстымын.
Кейпім – баяғы.
Не болар?!
Кім білер аяғы?!.

Түн.
Көңілде боран.
Өлеңге оран, қарағым!
Тым жақын, ең алыс адамым.
«СЖК» деуші едің сен мені,
Болмады амалым...
Аман жүр, қарағым.



* * *

Бір күй бар жанымды жейтұғын,
Өзімді таппаймын өзімнен.
Нотасы басылды дейтұғын,
Сезімді сағындым сезінген.

Көлінде жүрсем де бақыттың,
Айтамын әлдебір әттенді...
Күндіз-түн тапжылмай жазатын,
Сәт қайда ашатын дәптерді?!

Қаламның жайы да баяғы,
Сиясы сол күйі кеппеген.
Отызым бітуге таяды,
Қайырсыз жасымды төкпегем.

Тұрмыстың тірлігі желкелеп,
Мазасыз шақтарға матады.
Сезімге сергелдең еркелеп,
Сағындым ататын ақ таңды.

Жаным жүр әлемнен адасып,
Күйім жүр нотасын таба алмай?!
Бақытты адамның кейпінде,
Адасқан адамдай!..





30-(4+2)=22.

ЭКСПРОМТ.

Ордақұрар келсем-дағы жасқа, мен,
Осы шақта жазған жырым басқа дем.
Ең алғашқы ғашық болған кезімде,
Мен жүрекпен өлең жаза бастап ем.

Он алтыда жанның сыры төгіліп,
Жыр жататын қайта-қайта өріліп.
Ұйқасым да, сөздерім де іңгәләп,
Жүрегімді алатұғын көндіріп.

Ақылымды тыңдамайтын жүрегім,
(Еске түсіп сол бір шағым – күлемін).
Он алтымды армандарға қол созған,
Ең ғажайып шақтарым деп білемін.

Кетіп қала бергім келіп далаға,
Он жетімде келдім алғаш қалаға.
Тас қалаға бойым әрең үйреніп,
Үрейленіп қарадым әр қараға.

Сенім менен артқан үміт қауым мың,
Іздейтінмін мейірімін бауырдың.



Эльмира САЙЛАУ 

Көп ішінен жалғыздықты сезініп,
Аңсайтынмын кең пейілін ауылдың.


Екі қолға бір күректі алғасын,
Табысты күн болды ерте жолдасым.
Қайсарлықпен талпындым да бәріне,
Дедім «Аллам қолдасын!..»

(Аяқталмаған)





СЕРБИ
СЕРБИЈА



* * *

Сезімдердің сыңғырлы үні әдемі,
Арадағы бас иемін жылдарға...
Сен деп көрем мына ғажап әлемді,
Жол бермеген мұңдарға!

Тым тәп-тәтті еркелеткен қылығың,
Әр сөзіңнен қуат алып жылындым.
Мәңгі мені аялаумен өтерсің,
Сен ғұмырлық кейіпкері жырымның!

Түнгі ұйқымды ұрладым да өзімнен,
Саған арнап өлең жаздым, ақылдым.
Оттай жандым саған деген сезімнен,
Жанымдасың! Ал мен сені сағындым!





* * *

Сөзсіз, менің ұқтың-дағы жанымды,
Жұмбақ әлем хатың бойға дәру-ді.
Арқадағы Ақбөкенге теңедің,
Бағаладың болмысымды, барымды!

Өрде биік өзің жайлы ойлауым,
Сағыныштан көңіл жайсыз, ойда мұң!
Аялаған ақ хаттарым қанаттап,
Сезімдердің аралаймын қойнауын!

Сендік әлем, Айдай тылсым ғаламат,
Ұқпас мені, ұқпас сені адамзат!
Күллі әлемнің әйелдері қызғансын,
Менде ғана өр тұлғалы азамат!

Түн мен таңда сөйлесетін шақтарды,
Атыратын сезім құшып ақ таңды...
Мейірімге бөлейтұғын нәп-нәзік,
Жақсы көрем сен хат жазған
ақпанды!



ЕҢСЕҢДІ ТҮСІРМЕ...

Еңсеңді түсірме, ақылдым,
Бақытты көре біл әлемнен.
Жүректен айтайын "датымды",
Жалынды, жайдары өлеңмен.

Қазақтың қайсар да, қайратты,
Мақтаныш етерлік ұлы – сен.
Рухты бол, жігерлі, айбатты,
Бақытты көрейік жүзіңнен.

Кеңпейіл, мейірбан жүрегің,
Ұрпағың болатын ұлың бар.
Қыздардың жүрегін тілетін,
Өр, сұлу, келбетті түрің бар.

Арқаның арқалы арланы,
Жыр жазар ақын қыз өзіңе.
Талабың тұғырлы әрдайым,
Жалын бар әр айтқан сөзіңде.

Ақылды, байсалды мінезің,
Тым қатты жүрекке ұнайсың.



Жүзіңнен көрінер жүрегің,
Сен емес, көктем-күз мұңайсын.

Еңсенді түсірме ешқашан,
Рухыңды аяла көк кернер.
Сыйластық жалауы жайнаған,
Ризамын биылғы көктемге.

Еңсенді түсірме, ақылдым...



ҒАЖАЙЫП ТҮС

Түн.

Сағаттың тілі төрт жарым.
Көзімді аштым, ояндым,
Өзіңді, жарым, ойладым!

Ай сәулесі тұр тамып,
Түкпірдегі бөлмеге.
Оранып-ап қымтанып,
Мен жатырмын көрпеге.

Оң жағыма қарасам,
Аяулым қызым қасымда.
Сол жағыма қарасам,
Елесің сенің, расында.

Ұйқым шайдай ашылды,
Елесіңді көргенде.
Сағыныш бір сәт басылды
Сүйсіне қарап бейнеңе...

Елесің ғайып, сиқыр, ә?
Жалғыз қалдым мен төзіммен.
Періштем сәби ұйқыда,
Жүздескім келді өзіңмен.

Тыныштық алып бойымды,
Сен жауладың ойымды.



Ұйқыға есік ашылып,
Түске санам шомылды.

Түс көрдім содан керемет:
Шалқар көлдің қасында,
Биік жардың басында,
Отырдым саған еркелеп.
Жаңбыр тұр жауып себелеп,
Ғашықтардың бейнесі
Сұлу сондай, не керек!

Тәтті түске қамалып,
Ұйқыда жатыр едім мен.
Құлыным жылап оянып,
Түс ғайып болды өңімнен!

Махаббат оты сөнбесін,
Қара бұлт басқа төнбесін!
Отбасында – адалдық,
Азғырғанға сезім көнбесін.
Тату-тәтті ғұмыр кешіп әрқашан,
Отбасымыз өркендесін, гүлдесін!..



Эльмира САЙЛАУ 

ҮНДЕМЕ...

*«Сағынған жақсы,
сағындырған одан да жақсы»
Жүрек Назы*

Сезінсін десең қадірін,
Жаныңда жүрген сәттердің.
Жүректің тербеп бесігін,
Дертіңнің тапшы тәтті емін.

Көп ойлап бәрін түңіліп,
Сырыңды айтпа ешкімге.
Жаныңа терең үңіліп,
Түсіне алмас ешкім де!

Сезімдеріңнен арылма,
Сағындыр! Іштей сағын да!
Қадіріңді ұқпай жүргенді,
Қамығып, ботам, сағынба!

Бұл да бір өмір мектебі,
Сезімнен алар сабақты.
Тыңдай бермегін тек мені,
Жүрегің берсін жауапты..

Үндеме...



ІССАПАРЛАР...

Мен үшін азап –
Кеткені алыс жақтарға.
Күндерім өтіп,
Қызарып кешке батқанда.
Көңілім босап,
Солқылдап жылап аламын,
Сағынып кетем,
Ұйқыға кешке жатқанда...

Білмеймін неге,
Әлдебір тылсым күй кешем?
Келерін күтем,
Деймін мен қашан жүздесем,
Сарылып біттім,
Сағынып біттім жарымды...
Келемін, - дейді,
Айтары, бірақ, күнде – ертең...



* * *

Жоғалтып сендегі сенімді,
Таба алмай отырмын еміңді!
Сағынып ып-ыстық деміңді,
Аңсадым тәп-тәтті ерінді!

Қызғана бересің, қызғана,
(Хақым жоқ деуге де сыздама).
Шын сүйіп қосылған өмірде,
Жаным-ау, асылым, біз ғана!

Тағдырдан сан көріп өткел мың,
Белгісі біз едік көктемнің!
Ешқашан санадан өшпейді,
Өзіңмен ғажайып өткен күн!

Тартыс пен таластан жалықтым,
Тыныштық бере гөр, жарық күн.
Жанардан ғайып бол, өтінем,
Санадан өшіп қал, жақұт-мұң!





* * *

Жарқырауды,
Жануды
Оң менен солды тануды
Сағынуды,
Сүюді,
Ақымақтықты тыюды
Биіктікті тұғырлы,
Сезім деген ұғымды
Өмірге назды артпауды,
Сәттерді ғажап жаттауды,
Сөндірмей соңғы үмітті,
«Шүкір» деп барды сақтауды,

МЕН ӨЗИҢНЕН ҮЙРЕНДІМ!



Эльмира САЙЛАУ

* * *

Мені мүлде іздемедің, келмедің,
Жүректегі арпалысты сезбедің.
Терезенің жақтауында хат қалды,
Жылап тұрып, күле салдым –
өзгемін.

Аурухана...
Жанға маза бермеді,
Дәрігерлер мендік дертті көрмеді.
Әлемімді әдемілеп өрнектеп,
Алдап жүрмін өзімді һәм өзгені.

Қап-қараңғы.
Құса...
Көңіл жасыған.
Шындық осы,
Енді несін жасырам?!
Көктем келіп жетсе-дағы Күздемін,
Жүрек Назы арылмай жүр
басымнан!



* * *

Күн шуақ шашты әрдайым,
Өзінді күтсем көк белден.
Ақылдым, қалай жағдайың?..
Үміт үзбейік көктемнен.

Табиғат тосын мінезбен,
Суреттеп жүр ме сезімді?!
Соңғы үмітті үкілеп,
Күтіп жүрмін ғой өзінді.

Сағымның бәрі жүректе,
Сарылтып бітті шақырым.
Күш түсіп кетті білекке,
Тез оралсаңшы, жақыным...





* * *

Естеліктер еске түсіп бір сәтте,
Өткенім мен бүгініме қарадым...
Қанша жолдан біздер өтіп
жүрсек те,
Бәз баяғы сезімдермен оралдың.

Еркелеген шақтарымды сағынып,
Саған жазған хаттарымды
ақтардым...
Бұл көктемнен менде балғын
бар үміт,
Сезімдерді жұмбақ жырда
сақтармын.

Әр сөзіңнен шабыт алып ізденем,
Бар өлеңнен үміт үзіп, күзде Мен,
Күйзеліспен күйреп еді мұз-денем...
Жанға жылу, көңілге нұр түсірген,
Айналайын жүрегіңнен түсінген!

Жүрегімнің сезім күйі басылып,
Көңілімнің жауқазыны гүлдейді...
Саған жазған жырларымды жасырып,
Тұншықтырып, енді өлтіргім
келмейді!..



ЖАРЫМА ХАТ - 13

Жаным...

Кешір...

Айыбымды білемін...

Татулық қой менің де тек тілеуім!

Өтірік айтып өрге шықпас ешкім де,

Асыл жарым... Кешір...

Патша күйеуім!

Жасырмадым!

Ашып айттым барлығын!

Іште еді сол сәттерде бар мұңым.

Кешіре алсаң, кешір мені,

қымбаттым,

Өзіңменен хақ байласқан тағдырым!

Ормандай боп ой қатпары ашылды,

Тыя алмадым әр сөзіңе жасымды...

Мен қалайша еңселі боп жүремін,

Ренжіп жүрсе асылдардың асылы?



Эльмира САЙЛАУ

Біздің бақыт – біздің уақыт қазіргі!

Көтере біл...

Менің нәзік уәжімді...

Үнсіздіктің қос есігін неге аштың,

Бар ма соның маңызы?..

Сендік сөздер талай жүрек суытқан,

Мен барлығын сол сәтінде ұмытқам!

Қанша қиын өткерсек те күндерді,

Мен өзінді бәз-баяғы ұнатқан!

Сөндірулі телефоның.

Ашулысың, білемін...

Түсіндің бе, ауырды ма жүрегің?

Сенің бұлай ренішіңді көргенше,

Мен де мұңлы жүрейін...



КҮЗГІ ҚАР

Қарды көріп жапырақтан мұңайдым,
(Көңілдегі Жүрек Назы жыр-айдын).
«Кеттік» дейді алыстарға бір ғайып,
Сезімдерден тыныштықты сұраймын!

Жапырақта жатқан қарға өкпелеп,
Қарайладым...
Күзім кетті ерте деп.
Жүрек соқты тым ерекше...
Сағынып,
Сәттер қайда жүрген сізге еркелеп?!

Жапырақтар жасырып тұр барлығын,
Жазмышына көне алар ма
тағдырың?!

Ауыл жаққа кетіп қалғым келіп тұр,
Тәрк етіп...
Тастай салып дәл бүгін!

Үкілеген үміт артқан тілектер...
Сезім толған!
Толастаған жүректер...
Лириканы суық ызғар...
Қар басып,
Сөніп барады
Мендік соңғы үміттер!

Ауыл жаққа кетіп қалғым келіп тұр.



* * *

Түн...
Тылсым мұң...
Жай ғана...
Күрсіндім...
Сен мені
Түйсіндің...
...Ақылы керексіз сыршылдың!

Үндеме...
Барлығын білемін,
Егіліп назданды жүрегім!
Тік ұстап еңселі басымды,
Рөл ойнап, жасанды күлемін...

Билесің!
Білмейсің ештеңе...
Барлығы біз үшін, сырлы-ақ тым!
Өкпем бар саған да,
Күзге де,
Амал жоқ сен маған қымбатсың!

Ғайыпқа –
Ғаламат ғасырым
Ойымды ұстайын жасырын.
Бақытты болсын деп өзіңді,
Сезімді суыттым, асылым!



Тұсаулап барлығын тастадым,
Білмедің.
Сырымды ашпадым!
Көрмедің, көрмейсің ешқашан,
Жастықта құрғады жастарым...

Ғазал түн...
Түн тылсым көнерген,
Жан емдеп,
Нәр алдым өлеңнен!
Ұнатып..
Шын сүйіп, қоштасу,
Қиынның қиыны дегенмен...



* * *

Сүй мені!
Мен сені сүйемін ылғи да!
Бақытты сәттерім тыйылма!

Құш мені!
Жүрекпен өңің мен түсінде,
Аяла жанымды түсін де!

Еркелет!
Лағындай еліктің,
Мен ерке елікпін!

Бағынба!
Ер мінез ұнайды қалып тым,
Ұлы боп жүре бер халықтың!

Сағыншы...
Жүрсем де осында,
Бақыт қой бір ауа жұту да қасыңда!

Иіске...
(Өлеңге, қаламға тиіспе...)
Тәп-тәтті күйге ендір... Сүйіс те!



Іздеп жүр...
Күн батса ұяға,
Қаламым малынып кетсе егер,
Қиялға, сияға...

Жалған бір мұңдармен дос болып,
Ақымақ күйге енсем
Ұрысшы...
Ғұмырды менімен хош көріп,
Сүруге тырысшы!

Сүй мені,
Мен сені сүйемін, Ғаламым,
Өмірлік таңдаған адамым!
Осы сәт дәл қазір өзінді,
Тағы да сағынып барамын...

Келші...



Эльмира САЙЛАУ 

ЕРКЕЛЕЙІНШІ

Еркелейінші...
Күлімсірейін...
Суреттесінші мүсінші!..
Әсерленейін,
Әлемді тербеп,
Біз жайлы аспан білсінші!..
Өлең өрейін.
Жаңбырды құшып,
Жүрегім...
Мені кешірші!..
Ай менен Таңға
Сырымды айтам,
Түн түнек бәрін білсінші!..
Бағала мені,
Ұғамын сені...
Жай ғана мені түсінші!..



* * *

Елдің сөзіне елең етпегін,
Елең етпегін, ғасырым.
Елік лағындай сенің еркеңмін,
Есіңде болсын, асылым!

Еркелейінші деген ем саған,
Есімді алды әр сөзің.
Еркелеткенің ерек қой маған,
Ең керек жалғыз жан өзің.





* * *

Өзгеремін деймісің?!

Өзгермегін!

Керек емес, өтінем, өзгергенің...

Бар қалпыңда осындай

жақсы көрем,

Өрлігіңмен табарсың өзек емін.

Өзгелерден өзгеше тұлғаң биік,

Болмысыңды әу бастан қалғам сүйіп.

Өзге маған керек жоқ, сен керексің,

Мәңгі бақи санаңа алғай түйіп!



Эльмира САЙЛАУ 

«ҚАРҒА ВАЛЕТ...»

Қарға валет, бар әлемге жақсысың,
Бірақ, неге «червиіңе» қаттысың?!
Қарға валет, қайда кеттің тағы да,
Жылап отыр ақ құсың?..

Жанарымнан мөлдір жастар
кеппеген,
Қандай жаман жүрген реніш,
өкпемен.
Қанша жерден құлай сүйіп тұрса да,
Сезім құрар көктеген.

Албырт сезім су сепкендей басылды,
Ойлар, ойлар бар мазамды қашырды.
Сен алаңсыз ұйықтап жатқан
жастыққа,
Ренжігеннен қоя алмадым басымды.

Қарға валет...





* * *

Бәрі де өзгерген, құр сүлдер
сүйегім...
Тұншығып мұң-назға ауырды
жүрегім.
Тағдырдың тартуы есімнен
тандырды,
Күйінде жүрмін-ау әлдебір
күйреудің!

Мендік мұң тым тәтті, тым қатты
барлығы,
Ішімнен жанартау өр өлең жарылды.
Бәріне, бәріне кінәлі мен шығар,
Өтінем, ауырта бермеші жанымды...

Жүрегім ауырып құсадай
күй кештім,
Түсінбей тұрғандай ғаламда
мүлде ешкім.
Бәз тірлік шаршатып жіберді
жанымды,
Тезірек келсең ғой, келеді
кездескім...



Эльмира САЙЛАУ 

ІКӘР СЕЗІМ

Көктемсің жанға нұр жұқтыратын,
Сезімің сенің тым бөлек!
Уақыттың бәрін ұмыттыратын,
Аялағаның шын керек!

Себепсіз мені сағынасың да,
Сезімің тәтті, керемет!
Жанымнан әркез табыласың да,
Іңкәр сезімің ең ерек!



* * *

Жанарым арайлы,
Айналам көркем...
Гүл етем маңайды,
Сезім-жыр төккен!

Оралдым, жаным,
Оралтты көктем!..
Сағынып кеттім,
Күндерді өткен!



Эльмира САЙЛАУ 

* * *

Мендік күйді ұға аларсың
сен қашан?

Сағынып жүр жүрегіңді жүрегім!
Көңілдерді кірбің шалса, сел басар.
Жылаймын да, күлемін!

Белгісіз мұң құшып жанды өпкенде,
Мен еріксіз қарайлаймын өткенге.
Үнсіз ғана құшағыңа қыс-тағы,
Алып кетші көктемге!..

Кең әлемге сыймай жаным тарықты,
Мен сеземін шуақ шашқан жарықты.
Еңселі боп ел алдында жүрейік,
Аялайық халықты!

Даралық пен даналықты бір ұстап,
Биіктікті тұғырымыз етелік.
Айыбымды қиюдасың қылыштап –
Екіжақты қателік...



БАҚЫТТЫМЫН

Қырсыққан ойым сырын,
Көрді тек көңіл шіркін...
Жеңімпаз ойыншымын,
Тағдырды екі дүркін.

Қызғаныш қырды асып,
Көңілді құмықтырған...
Сағыныш сырды ашып,
Сезімді шын ұқтырған.

Бақытты шақтарым мың,
Асығым алшы түскен.
Өлеңге ақтарылдым,
Күресіп жаншылыспен.

Кездерім ең ғажайып,
Сезім, ой бір түйіскен.
Шақтар көп жанға лайық,
Санасыз құр сүйіскен.

P.S.

Мен рас, бақыттымын!
Бақыттың қосы қайда?
Бақытты болуға шын,
Жарайды осылай да!..





* * *

Ауылдың аунап өскен даласына,
Қамқоршы әке менен анасына.
Халқына жүрегінен орын берген,
Теңеймін Мағжанымды бар асылға.

Ордабұзар отызда қамал алған,
Үй салып, мал өсіріп, дара болған.
Төрт балаға асқар тау әке болып,
Айналайын жарымнан дана болған!

Халқыңның айналғансың баласына,
Ерексің құрдастардың арасында.
Бақытқа толған кесең ортаймасын,
Шыға бер, лайым биік дара шыңға.



* * *

Күндіз-түні шапқылайсың дамыл жоқ,
Кей жұмысты қалдырсаңшы кейінге.
Одан өзге өкпелейтін дауым жоқ,
Саулығыңды алаңмын шын пейілмен.

Шаруаңа араласар мен емес,
Көп бейнетті алмасаңшы басыңа.
Жан емеспін жоқтығыңды елемес,
Болсаң деймін тылсым түнде
қасымда.

«Үйдің емес, еркек – түздің адамы»
Десе де мен мұңмен дос боп кетемін.
Жазады да көңілімнің қаламы,
Сағыныштан өлең іздеп өтемін...



* * *

Тыныштық.
Екеуміз үнсіз ұғыстық...
Біресе ренжістік,
Біресе ұрыстық,
Бәрібір ұғыстық.
Өмірді әдемі сүруге,
Тырыстық.
Жүректі бойлаған сәттердің,
Сыры ыстық...!
Жас едік,
Сезімге мас едік.
Сонда да көпке үлгі,
Бас едік.
Біргеміз,
Ғұмырлық іргеміз.
Он бір жыл біргеміз,
Өзіңсіз...
Шимайсыз таусылып дәптерім,
Тоқырап қалады сәттерім!





ҚҰРДАС

Әзіл сөзіміз жымдасқан,
Айналдым сырлас, құрдастан!
Он жылдан артық өзіңмен,
Кездерім ғажап қырды асқан!

Өзің деп жазар қаламым,
Өзіңсің тылсым ғаламым!
Иығына сүйер басымды,
Аман бол, асыл адамым!

Асығыс дәйім жүресің,
Қиялсыз өмір сүресің!
Қырсыққан мендік мінезді,
Еркелігім деп білесің.

Қызғанам, ішім – сыз, боран,
Телефоныңнан қызғанам!
Жүрекке өмір жүрмейді,
Бөліңіз уақыт «Сіз» маған!



* * *

Гүлім дедің, гүлге мені теңедің,
Жанға шипа, дәру еді теңеуің!
Аманбысың, Көкшедегі Мағжаным,
Көңілдегі жүрегім мен дерегім?

Санамда сан ойлы сөзің, көздерің,
Еркелеткен елден ерек кездерің!
Қоштасқанда Айдай болған
анық тым,
Өртенері сағыныштан өзегім!

Әлі солай... Жүрек те сол, көңіл де,
Мың құлазып бір келеді кемінде.
Тірлік өмір өз дегенін қылады,
Сеземін мен сезіміңді сенің де!

Табыстырған ғажап көрем өткенді,
Сол жылдардан қалды бізге
көп белгі.

Елден ерек, жаның бөлек жан едің,
Күнді Гүлсіз, күнді менсіз етпе енді!

Тосын жағдай, күтпеген бір
сәт дерсің,
Жақын емес, бұл хатымды
жат көрсін.

Есіміңнің өзі неге татиды?!
Мен жазатын әп-әдемі дәптерсің!



ТЕЗ КЕЛШІ

Жарқ етіп, сөніп жұлдызым,
Мен бүгін тағы мұң құштым.
Жайдарыланбай нұр жүзім,
Мен бүгін тағы жыр құштым.

Көңілсіз әуен ойнаған,
Көңілден сызат кетпейді.
Жаныма жара сыйлаған,
Жек көрем мұңды көктемді...

Мұң құшып жылап жалықтым,
Тағдырдың жазмыш сыйлары...
Әлемнен іздеп жарық Күн,
Тізбекке салдым ойларды...

Ішімнен үнсіз қамығып..
Өзімді өзім тергедім.
Есімнен қалып жаңылып,
Көңілім мұңды тербеді.

Құлпырып, жайнап жүретін,
Жайдары маусым сырға елші.
Жалындап жазып күлетін,
Көңілді ашар жыр берші...
Жанымды жыр қып тербетер,
Жүрегім, маған тез келші!..





* * *

7 минут кездесу мен қоштасудың арасы,
Қандай бақыт осы бір шақ, қарашы?!
Қас қағымда өтіп кетсе де бұл сәт,
Емделгендей болды жүрек жарасы.

2006 жыл.

Елең-елең,
15 минут өтпеді...
Ұмытылмас!
Еске алдым өткенді!
Бір минутта мың дүрсілдеп жүрегім,
Көңілімнің оралғандай көктемі!

15 минут ессіз жанның күйінде,
Қуандым да, әп-сәтте сәл мұңайдым.
Ойларымның қатпарына күйіне,
Үнсіздікте...
Үнсіз ғана жырлаймын...

15 минут,
15 ғасыр сияқты!
Тағдыр маған жаудырғандай
сұрақты.

Әлдилеген менің жұмыр жүрегім,
Еш себепсіз жүрегінді ұнатты...



Өтті...

Кетті...

15 минут қайтадан...

Хал сұрастық... Көңіл жайын

айта алмай...

Жандай болдық әлденеден байқаған,

Бір-екі рет «жаным» дедім

байқамай...

... – «Күз келді ғой.

Жаурап жүрген жоқпысың?»

Дегенің де жүрегіме дөп түстің!

- «Тәнім тоңсын, жаным тоңбай...»

дедім де,

Абайсызда өзім ғана от құштым...



Эльмира САЙЛАУ 

ҰШЫП БАРАМ ҒАРЫШҚА

Жаным жалғыз, жабырқаулы
сиреньмін,
Наздандым да, мұң болысқан
күйге ендім.
Түн мен Таңды қауыштырып
қойдым да,
Сағынуды мен өзіңнен үйрендім...

Үнсіз ғана кете бардым алысқа,
Оу, жүрегім... Сезімдермен алыспа!
Бар дертімді таңғы шықпен
жасырып,
Өлең жазып,
Ұшып барам ғарышқа!



Қоштастым!
Қарамай лаулаған сезімге...
Жылдарды,
Уақытты жасырып!
Жанарым жасыды,
Жүрегім езіле...
Әлемге құштарлық басылып!

Наздарым көңілде тасыды...
Үнсіздік қақпаны ашылып.
Ұмытты...
Сезімдер басылды...
Деймін де барлығын жасырып.

Көгершін құстарға қарайлап,
Жібергім келген де хаттарды...
Сіз маған сыйлаған сезімнің,
Барлығы санамда жаттаулы.

Дүние...
Ақ-қара жол-дағы...
Бақытты ұшырдым қолдағы.
Осы сәт!
Дәл қазір іздеймін,
Алыстан, ғарыштан қолдауды!

Тәтті сыр жетпей жүр жаныма,
Көңілсіз күйдемін сағына!



Эльмира САЙЛАУ

Өртеніп кетермін бір күні,
Сарылтқан сезімге қамыға!

Көлеңкем!
(Бар өкпем)
Сырласым!
Тұншықтым!
Өзіңсіз әлемге...
Сізбенен жоғалды шабытым,
Қаламым тербелмей өлеңге!

«Еріндер!
Ерінге түйісіп!
Тұрса да
Адамдар сүйісіп!
Сезімнің биігі ол емес,
Сыйласқан жандардың
Сыйы ыстық!»

Деуші едің...
Ақылдым...
Ақымақ мен екем!
Келмеске кеткендей гүл-көктем!
Бақытты, баянды сезімді
Өзім ғой...
Өкініш...
Мұңды еткен!



Жоқ болдым!
Ай-Патшам қайтейін?!
Дейінші тағдырдың жазғаны...
Сағындым сезімнің әлдиін,
Ақ шықтай мөп-мөлдір таңдағы...

Жаз болып тұрса да,
Күз кейпім...
Қамығып қалғандай ғасырым!
Мен сізді ғаламға теңеймін,
Аман жүр, ардақты асылым!



* * *

Ғажап сәттер ғой
Ләззат алатын өлеңнен,
Шабыт қысқанда тұншығам, дем жоқ
көмейде.
Сырымды менің түсіну сонша
қиын ба,
Өлең туғанда жаңаша күйге
бөленгем.

Өлеңім деуден, өнерім деуден
шаршадым...
Жүреkte мендік жоқтай бір әсте
сонша мұң.
Құздарда мені көтеріп өтсең
болмай ма?
Көлеңкесінен қызғана бермей
баршаның!

Өзіңе адал жаным мен арым
қашан да,
Қиялға салам өлеңді кейде
несі айып?!



Жаныңдамын ғой көзіңді жұмып-
ашарда,
Тақпашы кінә жанды жаралап,
қасарып.

Жалған сөйлемен, жасырып, жаза
баспадым,
Иығы маған керек емес қой
басқаның!
Аманат еткен уәдемде тұру үшін де,
Шындықты саған жайдым да, жаным,
тастадым...





* * *

Сезімдерге сендік жаным сенеді,
Көздеріңе сіңіп кеткім келеді.
Көңіліңе бауыр басып қалдым да,
Жазғым келді өзің жайлы өлеңді.

Сен бозбала,
Мен бойжеткен сияқты...
Бір жасырып, бір іздедік ұятты.
Ұзақ түннің құшағында ататын,
Біздің сезім арайлы таң шуақты...

Біреулердің сөзі, көзі қарайлар,
Болмасын деп кесір тиер кері ойлар.
Мәпелейсің... әлдилейсің барлығын...
Шын сезімге жетпей жүр ғой
талайлар.

Армандарың – асқақ, сөзің –
қанатты,
Өзің жайлы тәтті ойлармен таң атты.
Десем де мен «жоқ болайын,
сағынсын»,
Қарай бердім минут сайын сағатты.

Сағыныштан сазып болып жүрегім,
Күншуақтап өлең жазып жүремін.
Қара да сұр көше көркем көрініп,
Жанарынан сені іздеймін біреудің!



КӨЗМОНШАҚ ТАҒЫП АЛ

Қарайтын тапжылмай көзді алмай,
Қыздардың көзінен қызғанғам.
«Ағалап» жүретін жайдары
Жалықтым, шаршадым қыздардан.

Өзгеге кетпеңіз қол бұлғап,
Жанымды мұңдардан сақтаңыз.
Сезімім кетпесін солғындап,
Сенімді, үмітті ақтаңыз.

Білмеймін қалайша бекігем,
Өзіңді өзгеше қызғанам?
Көз тиіп қалмасын, өтінем,
Көзмоншақ тағып ал қыздардан...





* * *


Жүзімде бақыт басым тым,
Шындықты кімнен жасырдым?
Ішімде алай-дүлей бар,
Оймақтай ойдан жасимын.

Гүл теріп бірге бөктерден,
Бірге есейдік көктеммен.
Лүп етіп жүрек бір сәтте,
Кез болдық неге өткенмен?!

Жастық шақ – жалын жай ғана,
Десек те көңіл тербеді.
Әп-әсем болып айнала,
Сезімді сездім сендегі.

Ойларым қырат-қырды асып,
Келеді кеште жыр тасып.
Әлемнен бәрін жасырып,
Өлеңге ғана сырды ашып...





**КУРА
КАМПАРАПЛА**



* * *

«Ай қандай?» деп сұрап жатыр
достарым,
Сұрағына жауабым бар, қоштағын.
Ай сұп-суық көрінсе де әлемге,
Ай нәп-нәзік жүректерге
қосқан үн...

Жол бермейтін мендік әлсіз
мұңға да,
Ай ерекше тұлға болды шын дара.
Досы жалғыз адамнан, мен – ақиқат,
Ал, тылсымнан – Түн ғана!

Ай – ғаламның ғаламаты дейтін ем,
Айды мендей пенде бар ма
шын сүйген?
Ай әдемі, Ай жап-жарық,
Ай – Асыл,
Жалықпаймын Айды шексіз сүюден!





АЙ-АРУ

Жылдар бойы үнсіз гүлдей
жайқалдым,
Мен сырымды Айға ғана айтармын.
Айдай мені шын ұғатын түсініп,
Жүрегімнің жібек жолын
байқар кім?

Ғажайыпқа бөлеп тұрған көктемді,
Ай – Патшасы бар ғаламның көктегі.
Жер бетінде жалғыз сырлас
досы бар –
Ай да ерек көретіндей тек мені!

Дегендей-ақ мені мұңнан құтқарсын,
Ай-Арудың аппақ жүзін бұлт бассын.
О, Адамзат, сан сұрақпен алысып,
Түсінікті... мендік күйді ұқпассың!..



* * *

Реніштің сақтамай еш бірін,
Түсіндім... Екенмін ешкімің...
«Кешірші» деймісің, кешірдім,
Қыдырып қайтайық кешқұрым.

Көз бояп қайтайық тағы да,
Жүрейін қолтықтап жаныңда.
Қасыңда жүріп-ақ жоқ болсам,
Сен мені іздеме! Сағынба!

Алдайық сезім деп әлемді,
Барлығы көрінсін әдемі...
Ғажайып кейіпкер болдым ғой,
Әртіс қып жібердің әуелі!

Қиял мен "реалды" ойлаймын,
Рәлімді тамсана ойнаймын.
Шынайы кейгімді жоғалтып,
Жай ғана.. Күрсіндім.
Мұңайдым...

Сезімдер от болған шағында,
Қалдырғам күлкі мен шаттықты!
Алданған көздердің алдында,
Дәл мендей жан жоқтай бақытты!



* * *

Көңілде әлдебір түйгенім,
Құлыпқа түскендей күйдемін.
Ойларым қыр асып алыста,
Ал, өзім үйдемін...

Мазасыз – беймарал жүрегім,
Бір жылап, біресе күлемін.
Ешкіммен тілдескім келмейді,
Жындымын...
Білемін.

Жоқ болып кетуге тырыстым,
Өзіме «Қожа» боп ұрыстым.
Қу тірлік бітпейді ешқашан,
Барлығы құрыс-сын...

Өкпелеп өзіме қас-қағым,
Өзімді сынға алып тастадым,
Жап-жаңа дәптерді қолға алып,
Жазмышты жазуды бастадым...

Өзгерту қолымда барлығын,
Жоғалар сол сәтте бар мұным.
Білмеймін әлдебір өткенге,
Құштар боп тербелді жан гүлім...



Эльмира САЙЛАУ

* * *

Бақыттымын!
Жайдарымын шуақты,
Бір өзіңіз – жүрегімнің қуаты...
Мен назданбай жек көретін әлемге,
Жарқыраған шуақ сыйла Күн атты...

Бақыттымын деп тағы да,
Айта бергім келеді.
Ғашықтықтың
Ғаламаты мендегі...
Махаббаттың уытына мас болған,
Болмысымды тәтті сезім тербеді.

Жанымдағы өзгеше бір әлемді,
Мен тек сізге сыйлаймын...
Түндігі жабық түн ғана,
Мендегі мұңды ұрлайтын.
Жанымдасыз,
Бірақ сонша алыссыз.
Міне – осы мені сонша...
Қинайтын...

Көңілімді түсініксіз қиялдарға
сырға ғып,
Жан азабын ақ қағазға бояймын...
Өзгеден емес, өз өзімнен ұрланып,
Жүрегіммен мен тек сізді ойлаймын!



* * *

Сыңғырын естіп сезімнің,
Мен бүгін күзді сезіндім.
Тәтті сыр жаулап бойымды,
Қиялды кезіп көз ілдім.

Әдемі болып маңым гүл,
Лап ете қалды жалын жыр!
Шақырым алыс жердегі,
Ғажайып жанды сағындым.

Нотасы ойнап ләззаттың,
Жүректе ерек ғажап мұң.
Ойларымменен қыр асып,
Мен бүгін, жаным, азатпын!

Назды артпайық өткенге,
Кетейік, кәне, көк белге.
Барлығын, бәрін ұмытып,
Қауышайықшы көктемде!

Елең де елең жүрегім,
Еркелеймін де, күлемін.
Сағынып жүрсің сен мені,
Айтпасаң-дағы білемін!



* * *

Үнсіздік...

Барамын тұншығып.

Отырған шығарсың сен, бәлкім,

Қырсығып...

Жарайды...

Көңілден ақша бұлт

Қай кезде тарайды?!.

Ұялдым...

Көңілдің нотасы басылған

Сәттерден қиналдым.

Қарадым...

«Қарағым» деуге тек жарадың...

(Мен оны сендегі ең ғажап,

Біртуар болмысқа баладым).

Уақытты санадым –

Ең дұрыс дәру сол біздерге

Басқа жоқ амалым...

Буылған буына хат та мұң,

Шақтарды жүректе сақтадым.



Өлеңге өріліп ең тәтті,
Атты ғой ақ таңым!..

Ғажайып...

Кеткен шақ әлемде азайып,
Сіз бен біз өмірді әлдидеп,
Жаңа жыр жазайық!





* * *

Жырдың лебі жанды желпи

өпкен ед,

Үнсіз ғана ұйықтап қалдың өкпелеп.

Оян қане! Құшақтағын, қымбаттым,

Құшағыңда жатайыншы еркелеп...

Мөлтек мұңдар құрсауында себепсіз,

Шабытыма қанат бітіп ертеді...

Қиялымда жандай ешбір керексіз,

Ал, шынында өміріміз ертегі!

Бері қара... Тарта берме көрпенді,

(Ойлан! Ойлан! Таңғы шайды

ертеңгі).

Ояусың ғой... Ренжіп қалдың

білемін,

Қырсықпағын, жақсы көрем

мен сені!



* * *

Түн түнектің құшағында ұрланып,
Сен ұйқыда, мен отырмын
жыр жазып!

Өз-өзіңмен онашада ой толғап,
Отырғанға не жетеді сыр қазып?!

Әлемімде жүрегіме наз артып,
Көңілімді мұң болмыстан тазартып.
Маған кейде неге екенін, әйтеуір,
Сағынышқа толы күзден жаз артық?!

Әсте олай еместігін білемін,
Күзге жақын әлдилеген жүрегім!
Қияндарда қиялымның қатпары,
Тылсымына тербететін жыр-елім!

Күннен кейде түнді артық көрем де,
Сағаттарды сарп қылам бедерге.
Жаныңыздың Еркесіне айналған,
Бар тағдырым суреттелген өлеңде...

Шат күлкіден кейде әлсіз мұң бақыт,
Кейде өмірден, қиялдағы
жыр – жатық.

Жылдар бойы жанарыңа қарайлап,
Өлең жазу өзің үшін бір бақыт!



МАЗМҰНЫ

Құрбы лебізі	3
--------------------	---

Көңіл ноталары

«Ауасы жұпар ауылым...»	6
Өгейшеше	7
Біреулер	8
«Бір қолмен тербеймін...»	9
Көңіл ноталары	10
Өлең – менің сәбиім	13
«Өлең жазу үшін...»	14
«Таң...»	15
«Қала түні Айдың ұрлар...»	16
Сүйінші	17
«Кейде...»	18
Өлеңім	20
«Отбасына бақ-ырысты...»	21
«Мен тым суықпын...»	22
«Репрессия»	24
«Сен туған күні...»	26
Арғымағым-Арғыным...	28
«Аппақ қардай көңілімді...»	30
«Көріп тұрып...»	32
«Жүрегіме жақын...»	33
«Солқылдап жыладым...»	34
Мәңгүрттеніп барамыз	35
«Желтоқсан...»	36
«Мен анамын...»	38
Аппазым	39
«Тән де, жан да әлсіреп...»	40
Дұға	41

«Бүк түсіп жатып...»	42
«Көңілім қалып өзіме...»	44
«Тағдырымның тартысынан...»	45
Мен мүлде өзгердім...	46
«Өлең жазып...»	48
«Қиялымнан жыр жазам...»	49
«Сынып кеттім...»	50
«Сұстымын...»	52
«Бір күй бар...»	54
30-(4+2)=22...	55

Сезім серенадасы

«Сезімдердің сыңғырлы үні...»	58
«Сөзсіз, менің ұқтың-дағы...»	59
Еңсеңді түсірме...	60
Ғажайып түс	62
Үндеме	64
Іссапарлар	65
«Жоғалтып сендегі...»	66
«Жарқырауды, жануды...»	67
«Мені мүлде іздемедің...»	68
«Күн шуақ шашты...»	69
«Естеліктер еске түсіп...»	70
Жарыма хат - 13	71
Күзгі қар	73
«Түн...»	74
«Сүй мені...»	76
Еркелейінші	78
«Елдің сөзіне елең етпегін...»	79
«Өзгеремін деймісің...»	80
«Өлең-жырдың парақталып...»	81
Қарға валет	82
«Бәрі де өзгерген...»	83

Іңкәр сезім	84
Жанарым арайлы	85
«Мендік күйді ұға аларсың...»	86
Бақыттымын	87
«Ауылдың аунап өскен...»	88
«Күндіз-түні...»	89
«Тыныштық...»	90
Құрдас	91
«Гүлім дедің...»	92
Тез келші	93
«Елең-елең...»	94
«Ұшып барам ғарышқа...»	96
«Қоштастым...»	97
«Ғажап сәттер ғой...»	100
«Сезімдерге сендік жаным...»	102
Көзмоншақ тағып ал	103
«Жүзімде бақыт...»	104

Қиял қатпарлары

Ай қандай?	106
Ай-Ару	107
«Реніштің сақтамай...»	108
«Көңілде әлдебір түйгенім...»	109
«Бақыттымын...»	110
«Сыңғырын естіп сезімнің...»	111
«Үнсіздік...»	112
«Жырдың күші...»	114
«Түн түнектің құшағында...»	115

Эльмира САЙЛАУ

ФОРМУЛА
(Formula)

(өлеңдер жинағы)

**Редакторы: Мөлдір МАҒЖАНҚЫЗЫ,
Көркемдеуші: Фатима НУРЕНОВА,
Әріп теруші: Әлия ТӨЛЕУҒАЛИ
Корректор: Меруерт АҢСАТ
Қаріп түрі: Сувенир, 12-кегель.
Шартты баспа табағы: 7 б/т.
Таралымы: 500 дана
Қарағанды, «Тенгри» баспасы.**